



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

8 қараша
сенбі

№85 (2197)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЕҢБЕКТИҢ НАНЫ ТӘТТИ НЕМЕСЕ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Осы аптада А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Еңбек мерейі – ел құрметі» тақырыбында салтанатты кеш өтті. Түрлі сала қызметкерлерін марапаттау салтанатына қала әкімі Нұржан Ахатов қатысып, Мемлекет басшысының Сыр өңіріне жұмыс сапарындағы іс-шараны ұйымдастыруға және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына белсенді атсалысқан азаматтарға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың алғысын жеткізді.

– Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өңірімізге жұмыс сапарымен келіп, ел игілігіне бағытталған ірі инвестициялық, инфрақұрылымдық және өндірістік жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты. Қала көшелері мен даңғылдарының аясы кеңейіп, жол-көлік инфрақұрылымында серпінді жұмыстар жүзеге асты. Көпірлер күрделі жөндеуден өтіп, жаңа өткелдер салынды. Аймақ басшысының ұтымды үйлестіруімен, демеушілердің көмегімен барлығы 55 млрд теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асуда.

Бүгінде ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында облыс орталығының озық сәулеттік үлгісі қалыптасып, халықтың экологиялық мәдениеті, тазалыққа, ең бастысы, тәртіпке деген жауапкершілігі артты.

Қызылорда – еліміздегі ең таза қалалар қатарына қосылды. Жаңадан саябақ, сквер, аллеялар соңғы үлгіде абаттандырылып, жаңғыртудан өтуде.



Соның бірі әрі бірегейі Тұңғыш Президент саябағындағы ілкімді істер.

Ел Президенті облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени-рухани өрлеуінің мол мүмкіндігін ашқан қажырлы қызметіне, Сыр еліндегі байыпты бастамаларға жоғары бағасын берді. Облыстың жарқын болашағына сенім білдірді.

Өз кезегінде аймақ басшысы да Қызылорда облысының өсіп-өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына атсалысқан, ортақ іске жұмыла білген азаматтарды лайықты бағалады. Бұл еңбекке деген мәртебелі құрмет.

Бүгінгі арнайы шарада Нұрлыбек Машбекұлы сіздерге ыстық ықыласын арнап, облыстың ең жоғары марапаты – Құрмет грамотасымен Алғыс хаттарын табыстауды тапсырды, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, кейінгі жылдары аймақ басшысының қолдауымен және тың бастамаларымен Сыр шаһары қарқынды дамып келеді. Қала бюджеті еселеп артып, халыққа ең қажетті әлеуметтік нысандар бой түзеді. Тұрғын үй кезегіндегі отбасылар баспана бақытына кенеліп, инфрақұрылымдық жобалар сәтті жүзеге асты.

Бүгінде бас шаһар жаңару мен жаңғырудың, өркендеу мен өрлеудің үлгісіне айналып отыр. Заманауи инфрақұрылыммен, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығымен, өндіріс пен кәсіпкерлік өркендеген өңірдің өрісі кеңейген. Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауы негізінде және аймақ басшысының үйлестіруімен Сыр өңірі ауқымды жобалар мен тың бастамалар арқылы көшбасшылар қатарынан көріне беретініне сенім мол.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

«Қараша, Желтоқсанмен сол бір екі ай» демекші, қарашаның ызғары қыс қыр астында екенін ескерткендей. Жайма-шуақ күндер артта қалды. Өзге өңір тұрғындары қар жауғанға қуанып, суретке түсіріп әлеуметтік желіге жүктеп жатыр. Әдемі көрініс. Дегенмен, әркімді де қысқа дайынбыз ба деген сұрақ мазалайды. Ал қаланың қысқа әзірлігі қандай? Қала әкімі Нұржан Ахатов «Қызылорда тазалығы» мекемесіне барып, қысқы маусымға әзірлікті бағамдады.

ҚЫС ҚАЛАЙ БОЛАР ЕКЕН?

Қыс мезгілінде қар тазалау, көктайпақтың алдын алу, көшелер мен жол жиегін тазарту ерекше жауапкершілікті қажет ететін жұмыстардың бірі. Осы бағытта «Қызылорда тазалығы» мекемесі дайындық шараларын жүргізді. Мекеме иелігінде бүгінде 60-қа жуық заманауи арнайы техника бар. Бұл техникалар қысқы режимге бейімделіп, толықтай тексеруден өткен. Сондай-ақ көліктер қажетті жанар-жағармай және қосалқы бөлшектермен толық қамтамасыз етілген.

Сондай-ақ қыстағы көктайпақтың алдын алу үшін



2 500 тоннаға жуық құм мен тұз араласқан арнайы қоспа дайындалды. Бұл қоспалар қаланың басты көшелеріне және тұрғындар жиі жүретін аумақтарға жүйелі түрде себіледі деп жоспарланған.

Қала көшелерін тазарту жұмысы тәулік бойы жүреді

Қала бойынша қыс мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 100-ге жуық қызметкер бар. Олар белгілі бір учаскелерге бөлініп, кезекшілік кестесіне сәйкес тәулік бойы қызмет атқарады. Мекеме басшылығының айтуынша, техникалар кез келген ауа райына төтеп беруге дайын, ал жұмысшылар белгіленген аймақтарға бөлінген.



Қала әкімі Нұржан Ахатов жауапты сала жетекшілеріне қысқы маусымдық жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Қала әкімдігі мен коммуналдық мекемелер бірлесіп жұмыс істеп, тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруды басты назарда ұстап отыр. Енді Қызылорданың қысы да әдемі болмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТАЗА ҚАЛА

ЕҢ АЛДЫМЕН САНА ТАЗА БОЛСЫН

«Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығында экологиялық мәдениетті арттыруға арналған ашық форматтағы кездесу өтті. Басты мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін арттыру, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру және табиғатты қорғауға бағытталған бастамаларды кеңінен насихаттау. Кездесуге қала жастары, еріктілер мен студенттер және үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

4-БЕТТЕ



ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

ӘДЕМІ ҚАРТАЮҒА ДАЙЫНДЫҚ

Бүгінгі кейіпкеріміздің өмір салты тым бөлек. Ол әдемі қартаюды ойлап жүр. Ал әдемі қартаю дегеніміз не дейсіз бе? Өзгені ілік іздемей, өзіне уақыт арнап, бақытты болу. Өкінішке қарай, қазір өзінің емес, өзгенің өміріне де жағаласатындар аз емес. Осы тұста зейнет жасына таяған кәсіпкер, саяхат пен салауатты өмір салтын берік ұстанған Гүлмира Нұрманқызымен әңгімелесудің сәті түсті.

4-БЕТТЕ



АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАҒА ИЕК АРТҚАН АҚСУАТТЫҚТАР

Ақсуат ауылы – қалаға жақын орналасқан елді мекеннің бірі. Ең бастысы, «көгілдір отынның» игілігін көріп отырған ауылда ауызсу, аяқсу, жол, жарық мәселесі шешімін тауып келеді. Жұмыссыздық мәселесі бұл ауылды айналып өткендей. 11 мыңнан астам халыққа құтты қоныс болған елді мекендегі экономикалық белсенді халық саны – 4346, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 548. Кәсіпкері көп ауылдың бірі болғандықтан болса керек, бюджет пен салық базасын кеңейтуде де белсенділік бар.

Мәселен, 9 айлық көрсеткіш бойынша бюджет 93,6%-ға орындалып, салық түсімі жоспардағыдан 133,2 %-ға артқан. Іргелі елді мекен инфрақұрылым игілігін де көріп отыр.

2-БЕТТЕ



Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАҒА ИЕК АРТҚАН АҚСУАТТЫҚТАР

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Соңғы жылдардағы деректерге сүйенсек, ауылдық округтің даму динамикасының өскенін байқаймыз. Өрине, кәсіпкерлік қанатын жайған жерде ауылдың әлеуеті халықтың тұрмысы жақсарлады.

Мәселен, осыдан екі жыл бұрын ауылдық округ табиғи газбен толық қамтылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Жобаның жалпы құны – 4 млрд 775 млн теңге. Ауыл орталығындағы 3,1 шақырымдық 3 көшеге жарық бағанасы орнатылып, 8 көшеге асфальт төселген. Ал мемлекеттік бағдарлама игілігі ауылға жаңалық әкелді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 1,4 шақырымдық 1 көшеге жаяу жүргінші жолы салынып, «Samruk – Kazyna Trust» корпоративті қоры ауыл орталығынан спорт кешені, демеуші қаражаты есебінен кіші футбол алаңын салып, пайдалануға берді. №268 мектеп-лицейінің футбол алаңына газон төселіп, алаң сыртынан жүгіру жолағы жасалды.

Өткен жылы демеушілер қаржысымен ауылдық округтегі 23 көшеге жоба-сметалық құжат әзірленіп, 5 көшеге «Қызылорда жолдары» ЖШС жол төсесе, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2 көшеге «Орда Автотор» мекемесі асфальт төседі. «Хан» ЖШС мекемесі 3 спорт ойын алаңын жөндеп, «Стройинвест ГС-Қызылорда» ЖШС мен «Хан» ЖШС 2 тренажер құрылысын орнатты. Аяқсу құрылысының тозуына байланысты жеке кәсіпкер «Мусахмет» трансформатор орнатып, ауылдағы аяқсу мәселесін шешті.

Ал биылғы жылдың ақсұлаттай жаңалығы – ауылдағы А.Арысбаев, Орманбаев, О.Жақенов көшелері жарықтандырылды. Сонымен қатар қоғамдық көлік қатынайтын П.Тлепова, А.Найзағареев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 көшелері жөндеуде.

– Жаңадан қоныстанушылар тұратын 32 көшеге электр желілері тартылуда. Әрі қарай электрмен қамтылмаған 22,5 шақырымдық желінің мәселесі шешіледі. Биыл округтегі И.Дауылбаев, М.Бажинов, №3 В, №7 В, №8, №9 В, №15, Ж.Әубәкіров, К.Иманбердиева, А.Смайлов (№10), Е.Боранқұлов (№11), Ш.Атеев (№14) көшелерінің құрылысына «Орда Автотор» ЖШС-мен келісім жасалып, жұмыс қызу жүруде. А.Абиев, Жана тұрмыс, Қырық байтақ, №10 В, Б.Алимов, Т.Қаратаев көшелері құрылысы бойынша мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС-мен келісімшарт жасалды. Қ.Үсенбаев, Б.Жонбаев, Байтен және Сарыкөл көшелері жаңғыртудан өтпек. Бұл мақсатта «Қызылорда жолдары» ЖШС-мен келісімшарт жасалды, – дейді ауыл әкімі Нұрболат Бақытов.

Бүкіл ел жұмылған «Таза Қазақстан» акциясына ақсуаттықтар да белсене атсалысуда. Олар бұл бағытта туған жерін көркейту үшін «Қызылорда тазалығы» мекемесімен бірлесіп жұмыс атқаруда.

Ауыл әкімінің айтуынша, елді мекенде мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға ауыл сыртынан жер телімі белгіленіп, құжаттары рәсімделіп, қоршалуда.

ДЕМЕУШІЛІККЕ ДЕН ҚОЙҒАН

Елдің көркеюіне атсалысатын азаматтарға ауыл тұрғындарының алғысы шексіз. Ауылдық округтегі «Асыл ай» бөбекжай бақшасының, дәрігерлік амбулаторияның алдына демеушілікпен брусчатка төселсе, Тағзым алаңы мен орталық алаңның кіре берісіне арқа салынды.

Орталық алаңға сахна салуға бюджет есебінен құрылыс заттары алынса, демеушілердің қаржысымен құрылыс жүргізілді. Ауылды абаттандыру мен көгалдандыруға да ауыл кәсіпкерлері мен ерікті азаматтар жұмыла жұмыс істеуде. Мәселен, Н.Төребаев көшесі бойына екі қатар 500 ағаш көшеті егіліп, қоршалса, биыл ауылдың шығыс жақ кіре берісі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойына 300 ағаш егіліп, қоршалды. Биылғы қала күні мерекесіне орай, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, акын Ибрагим Исаевты еске алу мақсатында «Есімің сенің мәңгілік» атты республикалық деңгейде мәдени іс-шара өткен болатын. Шара аясында ұйымдастырылған ауыл өнімдерінің жәрмеңкесі, көрме, ұлттық спорт түрінен сайыста да демеушілердің үлесі болды.

БАЙЫПТЫ БАҒДАРЛАМА ЖЕМІСІ

Батыр атын иемденген ауылда мемлекеттік бағдарламаның пайдасын көріп кәсіпін дөңгелетіп отырған азаматтар көп. Шынында, ақсуаттықтардың берекесі жеке кәсіппен кіріп, гүлденіп, өркен жаюда. Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы қолдаудың арқасында 602 кәсіпкерлік нысан тіркелсе, 56-ы шаруа қожалығы, 22-і ауыл шаруашылығы кооперативі, жеке мектеп, жеке балабақша және 524-і жеке кәсіпкер. Ауыз толтырып айтатын жаңалық, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 10 жоба (темір бұйымдарын өндіру, массаж орталығы, омарта шаруашылығы, тігін цехын ашу, жылыжай, брусчатка, кондитерлік өнім өндіру және автокөлік жөндеу орталығы мен құс шаруашылығы және мобильді құрылғы мен гаджетті жөндеу) қаржыландырылса, несие бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы 1 жоба қолдау тапса, басқа да несие серіктестері арқылы 3 кәсіпкерге мал

шаруашылығын дамытуға қолдау көрсетілді. «Бастау Бизнес» курсы 25 адам оқып, сертификатты алып, (400 АЕК) мемлекеттік қайтарымсыз грант бойынша 31 жоба қолдау тапты. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 19 жоба ұсынылып, шұлық шығаратын шағын цех, 3 жылыжай, 2 тігін цехы, темір бұйым өндіру цехы, массаж орталығы, наубайхана, кондитерлік цех, автокөлік жөндеу орталығы ашылды. Асыл тұқымды мал, құс шаруашылығын өсіруге де жергілікті тұрғындарға қолдау көрсетуге мемлекеттік бағдарлама көмектесуде. Енді ауыл тұрғындары мобильді құрылғы мен гаджетті жөндеу үшін қалаға сабылмай, ауылда ашылған арнайы орталық мамандарының қызметін пайдалана алады.

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Жеке кәсіпкер Сәрсенқұл Аралбаеваның шұлық өндірісін бастау мақсатындағы жобасы жеңілдетілген 2,5 пайызды құрайтын «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 1 станок, өз қаражаты есебінен тағы да 1 станок сатып алып, жұмысын бастады. Араға жыл салып «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы тағы да қосымша несие алып, үш станок алып, кәсібін кеңейткен.

– Шұлық негізі өтімді бұйым ғой. Өсіресе ауылдағылардан сұраныс көп. Себебі жылы, бағасы тиімді. Кәсіппен айналысқан жақсы. Ауылмызды көркейтуге де үлес қосып жатырмыз. Ынта болса, екі қолға бір күрек табылады. Істің көзін тапқанға мемлекет жәрдем беріп жатыр. Пайызы төмен несие алып, кәсіпті өрістетіп жатырмын. Қаладағы «Сұлтан» сауда үйі жанынан дүңгіршек ашып, шұлық өнімін 150-400 теңге аралығында сатып жатырмын. Қазір күн салқындады. Саудасы жүретін мезгіл. Бүгінде 7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмын. Өңірде кәсіпкерліктің дамуына теңізге тамған тамшыдай үлес қоссақ та таза өнбектің нәтижесі. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген ғой. Отбасым берекелі кәсіптің жемісін көріп отыр, – дейді кәсіп иесі.

Шынында, бейнесіз рахат жоқ. Мемлекет талаптанған адамға түрлі бағдарламамен төмен пайызда несие беріп жатыр. Осындай қолдаудың игілігін көріп отырған жанның бірі – Ақсуат тұрғыны Нұрғазы Сүлейменов.

– 2023 жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 300 шаршы метр аумаққа жылыжай салып, 2024 жылы «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы тағы да қосымша 6 пайызбен жеңілдетілген несие алып, жылыжайын 1500 шаршы метрге кеңейтіп, қазіргі таңда ауыл, қала тұрғындарына қияр өнімін тиімді бағада сатып жатырмын. Жобаның есік алдындағы шағын жылыжай кешенін дамытуға сеп болғанына қуаныштымын. Ең бастысы, ақсуаттықтар қысы-жазы көкөністен кенде болмайды. Бағасы да нарықтан төмен. Мемлекеттік бағдарламаның көмегі зор. Ұқыптап жұмсай білсең, пайдаға кенелесің, кәсібінді кеңейтесің. Сырттан келген өнімнің сапасы төмен, әрі қымбат болады. Қанша дегенмен жергілікті өнімге сұраныс та жоғары, – дейді жылыжай өсіруші кәсіпкер.




Ал ауыл әкімі Нұрболат Бақытов жергілікті кәсіпкерлердің ісі көпке үлгі екенін айтады.

– Берекесі мен бірлігі жарасқан ауылда ынтымақ бар. Біз үнемі ауыл ақсақалдарымен елдің өзекті мәселесін бірге талқылап, оң шешімін табамыз. Алақандай ауылда аз қамтылған отбасы көп емес. Десе де оларға көмек қолын созу – адамгершіліктің белгісі. Оның үстіне, үйге газ кіргізуге жағдайы келе қоймайтын отбасылар бар. Өткен жылы осындай аз қамтылған 3 отбасына, биыл тағы 3 отбасына демеушілер тарапынан газ желісі тартылды. Әлеуметтік аз қамтылған 61 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, 50 отбасына азық-түлік жеткізілді. Сонымен қатар тұрмысы төмен отбасындағы мыңнан астам оқушылар ыстық тамақпен қамтылып отыр. 2024-2025 оқу жылында мектеп бітіруші 128 оқушының 127-і ҰБТ-ға қатысса, 11-і алтын белгіге қол жеткізіп, 85 оқушы грант иегері атанды. Ал 17-і үздік аттестат алды. 2 мемлекеттік және 5 жеке балабақшаларда барлығы 595 бала тәрбиеленуде, – дейді ауыл әкімі.


Ауылдық округте танымдық кештер, мәдени іс-шаралар жиі өткізіледі. 150 орындық мәдениет үйі жанынан құрылған «Дәстүрлі домбыра», «Жас дарын», «Балдәурен», «Бұлбұл» ән, хор үйірмесінде 109 бала талантын шыңдап, халықаралық, республикалық, облыстық байқауларға қатысып, бақ сынап, жүлдемен оралуда. Осы ғимаратта орналасқан №8 кітапхананың қорында 17388 кітап бар. Ауыл тұрғындарына жаңа кітаптар таныстырылып, оқырмандармен кездесу ұйымдастырылады. Ауылдағы дәрігерлік амбулатория тұрғындардың денсаулығын жіті бақылап отырады. Мұнда 9 төсектік күндізгі стационар, зертхана, ЭКГ, егу, емшара, әйелдерге кеңес беру бөлмесі бар. Жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілген. Жергілікті тұрғындарға №2, 12 бағыттағы үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық автокөліктер сапалы қызмет көрсетіп келеді.

«Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» деген жыр жолдарындағыдай Жақыпбек Маханбетов ауылы жылдан-жылға көркейіп, гүлденіп келеді. Оң өзгерістің көпшілігі мемлекеттік бағдарламаның игілігімен жүзеге асуда.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Басы 1-бетте



ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

Осы аптада облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жанилинның төрағалығымен мәжіліс өтті. Мәжіліске облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, қала әкімі Нұржан Ахатов, қоғам қайраткерлері және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мәжілісте Данияр Жанилинов ел Президенті бастамашы болған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсенді атсалысқан азаматтарға ризашылығын білдіріп, Мемлекет басшысының игі бастамаларын жоғары деңгейде жүзеге асырудағы еңбектері үшін алғыс айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жұмыс сапары кезінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына жоғары баға берді. Бұл – Сыр елі азаматтарының ауызбіршілігі мен еңбекқорлығының нәтижесі. Халық сенімін ақтау – әрбір-



міздің басты міндетіміз. Сол жолда бар күш-жігерімізді біріктіріп, ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген барша азаматтарға алғыс білдіреміз, — деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Сондай-ақ аймақта жүзеге асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық және өндірістік жобалар туралы айта келе, барлық салада сапалы жұмыс пен жоғары жауапкершілік қажет екенін атап өтті. Ал Қызылорда облысы «Таза Қазақстан» акциясын жүзеге асыруда көш бастап келе жатқанын жеткізді.

Жиын соңында өңірдің бірқатар қызметкерлері облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Жиында қала әкімі Нұржан Ахатов қала дамуына еңбегімен үлес қосып жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді.

– Мемлекет басшысының Сыр өңіріне жасаған сапары біздің облыс үшін тарихи әрі жауапты кезең болды. Осы маңызды сапардың жоғары деңгейде өтуіне өз үлесін қосқан барлық сала өкілдеріне, мемлекеттік қыз-

меткерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, коммуналдық сала мен тазалық жұмыстарына жауапты азаматтарға, сондай-ақ еріктілер мен белсенді жастарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Президент сапары кезінде қаламыздың келбетін көркейту, көшелер мен нысандардың дайындығын қамтамасыз ету бағытында күн-түн демей еңбек еткен әрбір азаматтың еңбегі елеусіз қалмайды. Бұл – ортақ жауапкершіліктің, ұйымшылдықтың, туған жерге деген шынайы махаббаттың көрінісі. Ал Президент сапары жалғамызда тарихи сәт болып мәңгі сақталмақ, — деді ол.

Сондай-ақ жиында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов пен ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтау сөз сөйлеп, марапат иелеріне ізгі тілектерін жеткізді. Бұл марапат – туған жерге адал қызмет етіп жүрген азаматтарға көрсетілген құрметтің белгісі.

Айдана БАХТИЯР

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 қарашадағы №3023 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 3 қарашадағы № 02-03/3721 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Айгасар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Сабалак өңірі, № 319 құрылыс мекенжайында орналасқан көлемі 99 560,0 (тоқсан тоғыз мың бес жүз алпыс) шаршы метр «Ерекше балаларға арналған иппотерапия» жылқылы – сауықтыру клубын ашу және бие сүтін өңдеу цехын салу» жобасына цех құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-087-1500) жер учаскесін соңғы үлгідегі футбол академиясын салу мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 8 ақпан болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.АХАТОВ

Постановление акимата города Кызылорда №3023 от 6 ноября 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Управление физической культуры, спорта и туризма Кызылординской области» № 02-03/3721 от 3 ноября 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства современной футбольной академии у негосударственного землепользователя товарищества с ограниченной ответственностью «Айгасар» на праве временного возмездного землепользования (аренды), расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Тасбугет, учрочище Сабалак, строение №319 (кадастровый номер 10-156-087-1500), площадью 99560,0 (девятисто девять тысяч пятьсот шестидесят) квадратных метров для строительства цеха к проекту «Строительство цеха по переработке кобыльего молока и открытие конно – оздоровительного клуба «Иппотерапия для особых детей».

2. Датой принудительного отчуждения определить 8 февраля 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка или негосударственного землепользователя определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

Н.АХАТОВ

Жетістіктің құпиясы неде?

ҚазҰУ-дың әлемдік аренадағы сәттілігі бірнеше факторлармен түсіндіріледі:

• Ғылыми зерттеулерді жандандыру – университет ғылыми жобаларға көбірек қаржы бөліп, зерттеу нәтижелерін халықаралық деңгейде жариялауға ынталандырады.

• Халықаралық ынтымақтастық – әлемнің көптеген белгілі университетімен ынтымақтастық байланыстарын нығайту, студенттер мен оқытушылар алмасу бағдарламаларын белсенді енгізу.

• Білім беру бағдарламаларын жаңарту – оқу жоспарларын халықаралық талаптарға сәйкес келетін етіп үнемі жаңартып отыру.

• Инфрақұрылымды дамыту – заманауи зертханалар, кітапханалар және кампустың жаңа ғимараттарын салу.



Болашаққа көзқарас

ҚазҰУ-дың әлемдік рейтингтердегі жетістіктері тек университет үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі үшін маңызды. Бұл жетістіктер еліміздің білім беру сапасының әлемдік деңгейге жеткенін растайды, шетелдік студенттер мен оқытушыларды тартуға мүмкіндік береді. Қазақстанды әлемдік білім беру кеңістігінде танымал етеді, жастар білім алу үшін шетелдерге кету қажеттілігін азайтады. ҚазҰУ-дың әлемдік рейтингтердегі орнын одан әрі нығайту және жақсарту үшін жұмыстар жалғасуда. Университет басшылығымен

Смайлов Жақсылық Дайрабайұлы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Тұрмағанбет ауылында (бұрынғы Ленин совхозы) 1948 жылы 9 қарашада дүниеге келген. 1964 жылы Ленин совхозындағы № 29 Ворошилов атындағы мектептің 8 класын бітіріп, сол жылы Шымкент қаласындағы кооператив техникумының «Бухгалтерлік есеп» бөліміне оқуға түскен. 1967 жылы оқу бітіріп, еңбек жолын туған жерінде жұмысшылар кооперациясында есепші болудан бастаған. 1971 жылы (бұрынғы Жаңақала совхозы) қазіргі Көмекбаев ауылына қоныс аударып, мамандығы бойынша қызмет істейді. 1979 жылы Қызылорда қаласына қоныс аударып, бұдан кейінгі жылдары түрлі салаларда мамандығы бойынша қызмет атқарып, 2012 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. 2025 жылдың 2 шілдесінде дүниеден озды.

Жақсылық Дайрабайұлы мамандығы есепші болғанмен, жазуға жаны құмар жан болған екен. Тұрмағанбет ауылы туралы ел ішінде «Бұл ауылдың кез келген баласын тоқтатсаң жырлап қоя береді» деген сөз бар. Өлен жазуға деген құштарлық автордың өзі айтқандай, жыр түнеген ауылдың қасиеті болса керек. Бақиға аттанған өкенің артында қалған өлеңдерін балалары редакцияға жолдаған екен. Өкені сағынған балаларының өтінішімен Жақсылық Дайрабайұлының өлеңін өзгертпестен оқырманға ұсындық.



Мен, бірақ, жыр түнеген ауылданмын...

Жазсам деп жүрдім ұзақ көп ойланып, Жылдарды өткізгенін бастан киын. Көзімді жеткізе алмай бұған анық. Ел жакты көп ойлаймын содан болар, дейін. Кетемін кейде өзімше шабыттанып. Тартуым осы болып тойға деген, Қолға алдым тәуекел деп көп Сырымды сыйға тарттым ойда жүрген. Өзімді еркін ұстап бұрынғыдай. Алпыс жас құтты болсын, туған елім! Кеңестім Прозаммен ойымды айтып, Қабыл ал, арнаулы шын көңіліңмен. Дегендей сұрақ қойып, мұным қалай. Жасымнан естіп өстім жер-су атын, Осылай басталып ед алғаш қадам, Өлеңнің өлкесіне ұстап қалам. Қайтып ел Қарақұмнан мал кыстайтын. Қол жүрмей бүгезектеп тер де шықты, Біздің үй болды іргелес Шаханаймен, Ойымды жинай алмай шашыраған. Ұзамай шықтым шыдап қиындықтан, Өзенге кез болғандай ағып жатқан. Ол мекен Көздіқара деген жер ед, Тұрақты Метеостанция тұрған істеп. Құштарлық арта түсті еселеніп, Электр жарығын да көрдім сонда, Тарихын жазған сайын тұнып Жарқырап жанып тұрған алғаш рет. Осылай тәуекел деп жасап қадам, Ұстаған Жақсылық ем қолға қалам. Арнау-жыр жаздым өрөм шығып, Жарықты алыстағы қызық көріп. Ұзымды жеткенінше, Қорада ұстап әкем ат пен түйе, Жүретін қызметке кезек мініп. Құрсаудан шығайын деп ой қамаған. Баратын «отчетқа» ол айына бір, Өткізіп түнді ұйқысыз қыста небір. Елу жыл жүріп есеп саласыңды, Жарықтың қас қарая түскенде іңір. Келмепті өлең жазу ойыма да. Шешемнің аты Айнақұл, Кете рудан, Мен, бірақ, жыр түнеген ауылданмын, Туыстық қатысым бар Базарға да. Келтіріп он бір бала дүниеге, Туған екен Түпбөгетте, жылы қоян. Алты жүз жиырма шумақ жаздым өлең, Мектепке келдім алғаш сегіз жаста, Шығатын қас қарая түскенде іңір. Құрметім болсын оймен елге деген. Қоштасып балалықпен осы жакта. Өсірген тәрбиелеп әкем еді, Өткізген бар өмірін тау «Қаракта». Жыр көші үзілмейді, сірә, тоқтап, Шешемнің аты Айнақұл, Кете жеткенінше, Ел-халық аман тұрса қалпын. Жыр көші үзілмейді, сірә, тоқтап, Ел-халық аман тұрса қалпын. Ауылдан шығып жатыр таланттар, Келтіріп он бір бала дүниеге, Қырда өскен көктемдегі гүлдей жұлдыз, Атанып «Батыр Ана», жұлдыз таққан.

Әкемді жаздым атап кіріспеді, Туғанын Жаңақала тұрған жерде. Қаласқан алғашқының бірі болып, Ауылдар колхоз болып бірігерде. Қазір мен он баланың үлкенімін, Көтеріп ағалықтың жүрген жүгін. Жетпістің алтауында биыл, міне, Отырмын әлі ұшырып көңіл құсын. Өтіпті алпыс жылдай содан бері, Класстас қызды сүйіп үйленгелі. Анасы балдарымның Проза ол, Тені жоқ, ең сұлу қыз әлемдегі. Екі қыз, екі ұлым бар Құдай берген, Бақытты өмірі бар, бәрі үйленген. Үлкен ұл Бексұлтаным енші алған, Өзімше бір шанырақ, белек менен. Баланың үлкені қыз Ғазиза еді, Қасында құдай қосқан Батырбегі. Баласы Руслан теміржолшы, Батыр ел Қуат найман шыққан тегі. Отыз үш жылдан асты бір салада, Мұнайшы Бексұлтаным «Петрода». Көрсетіп табандылық қызметте, Есесін жібермей жүр қытайларға.

Айгүлім екінші қыз қожа елінде, Күйеуі баламыздай Алмас бізге. Бес бала тәрбиелеп отыр олар, Кеуей оқыл жатыр «Универде». Қолдағы ұл теміржолда көшперігі, Жасынан көрді аралап талай жерді.

Әлі мен бала көрем Жасұланды, Әкесін төрт баланың елудегі. Айтқұл мен Нұргүл менің келіндерім, Максаты бақытты ету келген жерін.

Оқыған екеуі де бухгалтерлер, Кәсіпке жұмсап жүрген білімдерін. Барлығы он үш жиең, немерем бар, Тұратын ата-әже деп, алып хабар. Соңша жыл өмір сүріп Прозамен, Жинаған бар байлығым, міне, осылар.

болашақта рейтингтерде одан да жоғары орындарға қол жеткізуге бағдарланған амбициялы жоспарлары бекітілген.

Меже – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу, ғылыми-білім беру кеңістігінде халықаралық баскегеге қабілеттілікке қол жеткізу.

«Мықты университеттер – келешектің фабрикасы.

Бұл жерде идеялар туып, келдергілер еңсеріледі. Әділ әрі үйлесімді әлемнің алғышарттары қалыптасады. Жоғары оқу орындары халықтар арасындағы сенім



мен ынтымақты күшейтіп, дипломатия құндылықтарын дәріптейді. Университет қабырғасында қалыптасатын студенттер бауырластығы, зерттеушілер қоғамдастығы және академиялық серіктестік тек ғылым-білім саласында емес, экономика мен қоғамдық өмірдегі, тіпті саясаттағы өзгерістерге қозғау салады. Ұлтымыздың біртуар перзенті, әйгілі академик Қаныш Сәтбаевтың «Ғалым барлық өмірін халық үшін, адамзат үшін сарп етеді» деген сөзі бар. Шын мәнінде, ғылымның ең басты миссиясы – адамзат игілігіне қызмет ету. Ғылым әлеміндегі жетістіктер барша елдің әлеуетін арттыра түсуі керек деп санаймын. Себебі ғылым мен білім – бөліскен сайын молай түсетін әрі шексіз мүмкіндіктерге жол ашатын қуатты құрал. Бұл саладағы ықпалдастық Қазақстандағы білім-ғылым жүйесінің өрісін кеңейтіп, академиялық дипломатияны өркендетуге зор ықпал етеді деп сенемін», – деді Мемлекет басшысы.

Шын мәнінде, Мемлекет басшысы сенім білдіргендей, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің әлемдік рейтингтердегі жетістіктері – бұл Қазақстан білімінің халықаралық деңгейдегі табыстылығының айқын дәлелі және білім беру саласындағы үлкен жетістік.

Асем ҚОНЫСБЕАЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Медицина және денсаулық сақтау факультеті» аға оқытушы, кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстап жөніндегі орынбасары

Еркін МУСТАПАЕВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Денсаулық сақтаулы басқару» мамандығы бойынша 1-курс магистранты

Гүлмира Нұрманқызы – шағын кәсіп иесі әрі белсенді саяхатшы. Оның айтуынша, спортпен айналысу үшін міндетті түрде фитнес клубқа жазылып, біреудің қадағалауында болу шарт емес. Ең бастысы, адамның өз нәпсісін жөніп, өзін қадағалай білуі.

– Адам қай жаста болсын, өз нәпсісін жеңуге дағдылануы керек. Мәселен, танертен ерте тұрып, жүгірудің өзі адамға энергия береді. Мұны бәрі бірдей түсіне бермейді. Мен күн сайын ерте тұрғанымға шүкіршілік айтып, әр күніне риза боламын. Ғылыми тұрғыда мұны «аффирмация» дейді. Ал спортпен айналысу үшін әдемі саябақ не заманауи спорт залдың қажеті жоқ. Өз

– Осыдан жеті жыл бұрын шетелге алғаш шыққанда адамдардың жаяу жүретінін байқадым. Олар көліксіз-ақ, картаға қарап, өз бағытын жаяу жүріп табады. Сол сәтте мен де



ӘДЕМІ ҚАРТАЮҒА ДАЙЫНДЫҚ



аулаңда шынығып, өз көшенде жүгірсең жеткілікті. Дегенмен қарға қала көркею үстінде. Саябақтар қайта жөндеуден өтіп, тұрғындарға пайдалануға берілді. Арнайы спорт алаңдары да бар, – дейді ол.

Белсенді өмір салтын ұстану мен жаяу жүру дағдысын Гүлмира Нұрманқызы шетелге саяхаттаған шағында қалыптастырған екен.

Басы 1-бетте

осы әдетті өз өміріме енгізуді ұйғардым. Бір күні 20 мың қаддам жүргенімді байқап, өзім таңғалдым. Шаршағанымды да сезбедім. Жаяу жүру бұл спорттың бір түрі екен. Ал біз қалада жаяу жүрмек түгілі, бес шақырым жерге такси шақырамыз ғой. Осыдан кейін салауатты өмір салтын ұстануға бекіндім. Жеті жыл болды, салауатты өмір салтын берік ұстанып келемін, – дейді кейіпкеріміз.

Ол спортпен жалғыз айналыспайды. Зейнеткерлерден құралған белсенді топтың ұйымдастырушысы. Бұл топта елуден асқан ақжаулықтардың өз спорт клубы бар екен.

– Қазір біздің белсенді спорт клубымызда отыздан аса адам бар. Бірі қант диабетімен, енді бірі қан қысымымен ауырады. Бірақ бәріміздің мақсатымыз бір – әдемі қартаю, салауатты өмір салтын сақтау. Күн сайын таңғы 07:00-ден 09:00-ге дейін жаттығу жасаймыз. Келем деген жанға есігіміз әрдайым ашық. Ең бастысы, тегін, – дейді ол.

Бұл клуб – тек белсенді зейнеткерлердің ғана емес, сырлас әрі замандас жандардың бас қосатын ортасына айналған.

– Біз барлығымыз дерлік замандаспыз. Балалары басқа қалада жұмыс істейтін, үйде төрт қабырғаға тельміріп жалғыз қалған зейнеткерлер көп. Солар біздің қатарымызға қосылып, қуанып жүр. Өзіне дос, сырласар жан табады. Ай сайын спорттан бөлек, бірге атқа мінуге, боулингке, бассейнге барамыз. Тіпті, бір-біріміздің туған күнімізді атап өтеміз. Ең бастысы, аз ғана ғұмырымызда бір-бірімізге демеу болып, денсаулық пен жақсы көңіл-күй сыйлап жүруге тырысамыз, – дейді Гүлмира Нұрманқызы.

Иә, салауатты өмір салтын ұстану жас талғамайды. Ең маңыздысы, өз жаныңды түсінетін орта мен жақсы ниет.

Айдана БАХТИЯР

■ ЖҮРЕК КІЛТІ

Зерттеулерге сүйенсек, ғалымдар жаңа технология адамдардың тұрмысын жеңілдетіп, өмір сапасын арттыруға мүмкіндік жасағанмен оның зиян тұсы да бар екенін айтады. Алысты жақындатқан байланыс құралының мүмкіндігі жетіле түскен сайын адамдар жалғыздықтан жапа шегуі мүмкін немесе әлеуметтік желідегі жасандылық пен шынайылықты ажырата алмау қоғамды күйзеліске түсіреді. «Бүгінде адам неге күйзеліске бейім?» деген сұрақтың жауабын іздеп көрдік. Есімі елге белгілі психолог Сымбат Әбдірахманмен сұхбатта қоғамның жан дүниесіне үңілуге тырыстық.

Сымбат ӘБДІРАХМАН,
Назарбаев университетінің психологы:

ӘЛЕМ ЖЫЛЫ СӨЗГЕ МҰҚТАЖ

– Қазіргі қоғамның көңіл-күйін халқаларымыз зерделеп көрсек. Технология сәт сайын дамыған заманда адамдар күйзеліске түсуге бейім келеді. Адамдардың жиі депрессияға түсуінің себебі неде?

– Қазіргі қоғамда стресс күнделікті өмірдің қалыпты бөлігіне айналды. Жұмыс пен оқу қысымы, технологиялардың үнемі назарды бөлетіні, әлеуметтік желілердегі «идеал бейнелерге» үнемі қарау адам психикасын шаршатады. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, адамның өзін-өзі үнемі басқалармен салыстыру депрессиялық симптомдарды күшейтеді. Сонымен қатар эмоциялық сауатты дамытуға уақыт аз бөлінуі, жеке шекараларды қорғаудың болмауы да депрессияға бейім етеді. Яғни қазіргі заманда депрессияның себебі көбінесе сыртқы факторлардың көптігі ғана емес, адамның ішкі ресурстары мен эмоционалды икемділігінің жеткіліксіздігі де.

– Бүгінде елдің бәрі психолог, ақылды сияқты көрінеді, дегенмен қоғамда психологқа жүгінетіндер де аз емес. Әйтеуір елдің бәрі бірнәрсені іздеп жанталасып жүр. Бүгінгі қоғамның көңіл-күйін қалай сипаттар еліміз?

– Қазіргі қоғамда көңіл-күйдің тұрақсыздығы байқалады. Адамдар бір мезетте бақытты көрінуі мүмкін, бірақ көбінесе ішкі алаң, шаршау, қанағатсыздық бар. Бұл «барлығы бар, бірақ бәрі жеткіліксіз» күйі деп сипатталады. Қоғамның бұл көңіл-күйін психологиялық тұрғыдан былай түсіндіруге болады: адамның өмірлік мақсаттары мен ішкі қанағаттануы арасында сәйкессіздік бар, ал сыртқы жетістіктерге ғана сүйену тұрақты эмоционалды қанағатқа жеткізбейді.

– Әлеуметтік желі тәрбиелеген қоғамда жасандылық басым түсіп жатады. Бұл адамдарды жасандылық пен шынайы өмірді ажырата алмауға әкелмей ме?

– Әлеуметтік желілер адамдарға өздерін көрсетуге, кейде жасанды образ жасауға мәжбүр етеді. Психологиялық тұрғыдан бұл «қоғамдық бейне» мен «шын бейне» арасындағы қайтығысқа әкеледі. Жасандылық адамның психикалық саулығына әсер етеді: өзін-өзі бағалауда шатасуды, басқа адамдармен шынайы қарым-қатынас қиын болады, бұл стресс пен мазасыздықты күшейтеді.

– Қазір құндылықтардың құлдырауының себебі не? Яғни отбасы құндылығы, ата-ана жауапкершілігі, бала тәрбиесі жаттаңды сұрақ болып көрінгенмен қай кезде де өзекті. Ашығын айтқанда, қазір жауапкершілік жүгін арқалағысы келмейтіндер қатары басым. Ата-ана баласының тәрбиесін мұғалімнен сұрағысы келеді, мұғалім ата-ананы іздейді, әке анаға итермелейді дегендей. Бір сөзбен айтқанда, жауапкершіліктен қашамыз. Себебі неде?

– Қоғамда жеке қызығушылық пен ыңғайлылық көбейген сайын жауапкершіліктен қашу тенденциясы қалыптасады. Отбасында ата-ананың жұмысбасты болуы қатарынан бала тәрбиесіне толық уақыт бөлуге мүмкіндіктің болмауы – басты факторлардың бірі. Сонымен қатар мектеп пен әлеуметтік ортаға жауапкершілікті бөліп беру көбейген. Психологиялық тұрғыдан, бұл – қорқыныш, сенімсіздік және ресурстардың жетіспеушілігі салдарынан туындайтын бейімделген стратегия. Ата-ана мен мұғалім бір-біріне үміт артқан сайын, бала жауапкершіліктен қашып, тәуелсіз шешім қабылдауға мүмкіндігі болмай қалады.

– Былай қарасаңыз бізде бәрі бар. Бірақ адамдар жанталасып бірнәрсені іздеп жүр. Жүрек тыныштығын, әлде жақсы көңіл-күй, болмаса өзіне назар аударту және тағы басқа. Қазір адамдарға не жетіспейді?

– Қазіргі адамдарға көбінесе ішкі тыныштық, өзіне деген сенім, өмірлік мән мен мақсат сезімі жетіспейді. Материалдық

тұрғыдан бәрі бар сияқты көрінгенмен, эмоционалды қанағаттану үшін адамға тұрақты қолдау, шынайы қарым-қатынас және өмірлік мақсат керек. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, сыртқы факторлармен қанағаттану ұзаққа бармайды, ішкі эмоционалды теңдік қажет.

– Шамадан тыс қамқорлықтың салдары?

– Шамадан тыс қамқорлық немесе «қақпақша тәрбие» балада тәуелсіздік пен шешім қабылдау қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Мұндай балалар қиындықты өз бетінше жеңе алмайды, үнемі сырттан қолдау күтеді, психологиялық тұрақтылығы әлсірейді. Психологтар мұны «тәрбиенің гиперпротективтілігі» деп атайды, ол ұзақ мерзімде балада сенімсіздік пен қорқыныш тудырады.

– Адамды танып-білу мүмкін емес. Дегенмен адам бойындағы кейбір мінез-құлықтарды психологиялық талдау арқылы оқырманға пайдалы ақпарат берсеңіз. Мәселен, адамның өзін тым жоғары немесе өзін төмен санау комплексін талдап берсеңіз.

– Адам өзін басқалардан жоғары қоюға тырысқан кезде үнемі жетістігін көрсетуге тырысады, бұл көбінесе ішкі сенімсіздіктің бетпердесі. Өз құндылығын төмен бағалау, жетістіктерін елемей, сынға төзімсіздік. Мұндай адамдарда өзіне сенімсіздік пен қорқыныш бар. Бұл комплекстер көбінесе балалық шақтан, ата-ана көзқарасынан немесе әлеуметтік ортадан туындайды. Психотерапия мен өзіндік рефлексия арқылы оларды жеңуге болады.

– Қоғамда әлеуметтік желі арқылы психологиялық шабуыл жасау белең алып бара жатқанын байқаймыз. Біреуді тұқырту, біреудің жанын жаралау, есірін мектану дегендей. Бұл неің белгісі?

– Бұл – қазіргі қоғамдағы психологиялық қауіптердің бірі. Адам басқаға зиян келтіру арқылы өз құндылығын сезінуге тырысады немесе эмоциясын басқара алмайды. Бұл әлеуметтік стресс, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және эмоционалды басқарудың жетіспеушілігінің белгісі.

– Суицидтің алдын алу тақырыбында көп зерттеу жасалыңыз. Зерттеуден не түйінді?

– Өкінішке қарай, Қазақстанда суицидтік мінез-құлықты зерттеу мен алдын алу бойынша жүйелі ғылыми зерттеулер өте аз жүргізіледі. Ғылым әрдайым айтарлықтай қаржылық ресурстарды талап етеді, ал бізде бұл мүмкіндік шектеулі. Соңғы кең көлемді деректер 2018 жылы ЮНИСЕФ тарапынан жинақталды, одан кейін ұлттық деңгейде осындай кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ.

Алайда сол зерттеулердің нәтижелері маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді: егер қауіп топтарын уақытылы анықтап, оларға бағытталған психологиялық қолдау көрсетіле суицидтің алдын алуға болады. Бұл әлемдік тәжірибеде де расталған. Яғни ерте анықтау мен уақытылы психологиялық көмек көрсетудің арқасында қауіпті жағдайларды едәуір азайтуға болады.

Әсіресе, менталдық саулық туралы әңгіме ауылдық жерлерде маңызды, өйткені психикалық мәселелер мен суицид туралы стигма әлі де жоғары. Көп адамдар көмек сұрауға қорқалды, ал ата-аналар мен мұғалімдер дұрыс әрекет етуді білмейді мүмкін. Психологиялық сауаттылықты насихаттау, менталдық саулықты ашық талқылау және ауылдық жерлерде мамандарды даярлау алдын алуының негізгі шаралары болуы тиіс.

Қорытындылай келе, суицидтің алдын алуға болады, бірақ ол жүйелі тәсілді, қоғамның хабардарлығын және зерттеулерді қолдауды қажет етеді. Бұл бағыттағы жұмыс дәл қазіргі қоғам үшін аса өзекті.



– Бүгінде адамдар психологқа қандай мәселемен келеді?

– Адамдар психологқа әртүрлі мәселелермен келеді. Ең жиі кездесетіндерінің қатарына эмоционалдық қиындықтар жатады: мазасыздық, үрей, күйзеліс, өмірге қызығушылықтың төмендеуі, апатия. Сондай-ақ отбасылық және адамдар арасындағы жанжалдар, қарым-қатынастағы түсінбеушіліктер жиі себеп болады.

Көп адам өзін-өзі бағалау мәселелерімен, кәсіби күйзеліс пен шаршау, өмірлік мағына іздеумен психологқа жүгінеді. Балалар мен жасөспірімдер арасында оқу үлгерімінің төмендеуі, мінез-құлықтағы қиындықтар, өмірге, ортаға бейімделе алмау да маңызды себептердің бірі. Сонымен қатар психосоматикалық шағымдар, атап айтқанда, ұйқының бұзылуы, созылмалы шаршау, бас аурулары сияқты белгілер де психологқа жүгінуге итермелейді.

– Откен жылы Оксфорд сөздігіндегі ең танымал сөз «мидың шіруі» деп аталғанын барлық БАҚ жазды. Білім алудан гөрі ақша табу түсінігі бірінші кезекке шыққан уақытта білім алуға деген ұмтылыс, ынта азайған секілді. Қалай ойлайсыз?

– Қоғамда ақша табу бірінші орынға шыққанда, білімге мотивация төмендейді. Бұл психологиялық тұрғыдан «қысқа мерзімді қажеттіліктер» мен «ұзақ мерзімді мақсаттар» арасындағы қарама-қайшылық. Мұндай жағдайда адам білім алу тезірек табыс табуға ұмтылады.

– Эмоциялық интеллект қалай қалыптасалды?

– Эмоциялық интеллект өз эмоциясын түсіну, басқару және басқалардың эмоциясын түсіну қабілеті. Ол балалық шақтан ата-ананың үлгісі, мектептегі қарым-қатынас арқылы дамиды. Өмір бойы тәжірибе, өзіндік рефлексия және арнайы жаттығулар арқылы жетілдірілуі мүмкін. Эмоциялық интеллекті жоғары адамдар өмірде стрессті жеңіл басқарады, өзіне және басқаларға түсінікті болады.

– Қазақ қоғамы психологқа мұқтаж ба?

– Иә, қазақ қоғамы психологқа мұқтаж. Біздің халқымыз тарихта көптеген ауыр кезеңдерден өтті: ашаршылық, соғыс, репрессия, күштеп қоныс аудару сияқты оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін психологиялық жарақат қалдырды. Мұндай тарихи оқиғалар адамдардың психикалық денсаулығына әсер етіп, кейбір мәселелерді генетикалық деңгейде жалғастырып келеді.

Бұған қоса, қазіргі заманғы әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, урбанизация, жаһандану және өмір қарқынының жеделдеуі де психологиялық қысымды күшейтеді. Жастар арасында күйзеліс, жалғыздық, болашаққа сенімсіздік, ал ересектерде кәсіби күйзеліс пен өмірлік мағына іздеу мәселелері жиілеп отыр.

Отбасылық қарым-қатынастардағы қиындықтар, ажырасудың көбеюі, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктер де психолог көмегін қажет етеді. Балалар мен жасөспірімдерде оқу үлгерімінің төмендеуі, бейімделу мен өзін-өзі бағалау мәселелері жиі байқалады.

Алайда мұндай қажеттілік тек қазақ қоғамына ғана тән емес. Қазіргі таңда бүкіл әлемде адамдар психолог көмегіне мұқтаж. Себебі жаңа технологиялар қарқыны, ақпараттық жүктеме, әлеуметтік желілердің ықпалы және жаһандық дағдарыстар әрбір адамның психологиялық тұрақтылығына әсер етуде.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ЕҢ АЛДЫМЕН САНА ТАЗА БОЛСЫН

Жиын барысында «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек қоршаған ортаны қорғаудың қоғам өміріндегі маңызына тоқталып, жастарды белсенді азаматтық ұстанымға шақырды.

– Бүгінгі шараның басты мақсаты – жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тазалықтың маңызын насихаттау. «Таза Қазақстан» жобасы аясында бұл бастаманы өңірде кеңінен дамыту көзделуде. Бұл жобаға

– Бұл жоба еліміздің экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған үлкен қадам. Біз бұл бастаманы басқа өңірлерге де жолдап, жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар вандализммен күрес те біздің басты міндеттеріміздің бірі болмақ. Ал тазалық ең алдымен әр азаматтың санасынан басталуы тиіс, – деді ол.

Кездесу барысында жастар экологиялық сауаттылықты арттыру, қаланы көгалдандыру және пластик қалдықтарын азайту жөнінде өз ұсыныстарын білдірді.

– Тазалықты әр адам өз үйінен, өз ортасынан бастауы керек. Адам өзіне жауапкершілік алғанда ғана қоршаған ортаға да жауапкершілікпен қарайды деп сенемін. Сол себепті де біз, еріктілер клубы мүшелері, әр апта сайын сенбілікке шығып, қаланың тазалығына үлес қосамыз. Сондықтан барша жасты «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысуға шақырамын, – деді ерікті Жанерке Асқарбекқызы.

Сондай-ақ кездесуде демалыс орындарының тазалығы да сөз болды. Қаладан тыс



еріктілер мен үкіметтік емес ұйымдардың қосып жатқан үлесі зор. Қызылорда бүгінде еліміз бойынша ең таза өңірлердің бірі саналады. Бұл – жастардың белсенділігі мен қоғам мәдениетінің көрінісі. Әр апта сайын ерікті жастар сенбілік ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Алдағы уақытта да сенбіліктер мен түрлі экологиялық акцияларды үзбей өткіземіз, – деді ол.

Ал «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Қызылорда облыстық филиалының жетекшісі Абзал Жолтерек «Таза Қазақстан» жобасының болашаққа бағытталған ауқымды бастама екенін атап өтті.

Басы 1-бетте

аймақтарда қокыс тастау мәселесі әлі де өзектілігін жоймаған.

– Осы бағытта біз жастармен бірлесіп қокыс жинау акциясын ұйымдастырдық. Нәтижесінде 1 тонна 300 килограмм тұрмыстық қалдық жиналды. Бұл – ерікті жастардың еңбегі. Қокыстың басым бөлігі демалыс орындарындағы тұрмыстық қалдықтар. Әсіресе, пластик бөтелке, қалта, тамақ қалдықтарын жиі кездестіреміз. Сол себепті әрбір демалыс аймағына келушілерден табиғатқа жаңашырықпен қарауды сұраймыз, – деді Медет Жорабек.

Айдана БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аттасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASL» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4008 Тастырыс № 1902

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР